

БӨЛІМ: АҒЫЛШЫН ТІЛІ / БАЛАБАҚША

The funny cube - Көңілді текше

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.06.2019СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/58804/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Мақсаты: балалардың білім дағдысын қалыптастыруды жалғастыру, сөздік қорларын молайту, сөйлеу мәдениетін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; балалардың жыл бойына меңгерген білімдерін анықтап, оларды жетістіктері үшін мадақтау;

Міндеті: ағылшын тілін меңгеруге деген қызығушылықтары мен ынталарын арттыра түсу; ағылшын тілінің спецификалық дыбыстарын дұрыс айтуларын қадағалау; шығармашылық қабілеттерін дамыта түсу; топтағы өзара достыққа, бірлікке баулу;

Көрнекіліктер: текше, интербелсенді тақта, ойынға қажетті атрибуттар, ән таспалары, ертегі рөлдерін сомдауға қажетті атрибуттар, балаларды мадақтауға арналған жұлдызшалар;

Алдын-ала жұмыстар: жыл бойына өтілген материалдарды қайталау;

Билингвалдық компонент: The funny cube, numbers, professions, The turnip.

Инклюзивті әлеумет: барлық балаларды қамтуға тырысу;

Қызмет кезеңдері	Мұғалім қызметі	Балалар қызметі
------------------	-----------------	-----------------

<p>Ұйымдастырушы - қозғаушы қызмет түрі</p>	<p>Шаттық шеңбері: The sun is shining, The sky is blue, We all are smiling, We all are laughing, Hello! Hello! Hello! — Wonderful! Sit down, please. Children, today we`ll have funny lesson. Now, we`ll meet the journalist from English TV channel. They`ll take us to the video and show us in TV programme. Ғажайып сәт: Топқа ағылшын телеканалынан журналистер келетіні хабарланып, балалар өздерін теледидардан көретіні ескертіледі. Топқа «журналист» пен видеоға түсіруші келеді. Сюжеттік - рөлдік ойын: «Journalist» Ойынның шарты: «Журналист» балалардың аты - жөні мен жасын сұрап интервью алады. What is your name? How old are you? Ойынның соңында белсенділік танытқандары үшін орамадағы сыйлық табыстайды. Ораманы ашқанда ішінен тапсырмалар жапсырылған текше шығады. — Oh! Children! We have a surprise! How do you think, what will be in this pocket? — Oh! There is a cube. It`s not a simple, it`s a funny cube. There are a lot of tasks for you! Will we play with this cube? — Yes! We`ll play with it!</p>	<p>Балалар шаттық шеңберінде қуана сәлемдеседі. Өз орындарына жайғасады. Мұғалімді мұқият тыңдайды.</p> <p>келген қонақтарға қуанады, теледидарға әдемі болып түсуге тырысады. — My name is ... — I`m ... Сыйлыққа таңданыса, қызыға қарайды.</p> <p>Өз пікірлерін айтады.</p> <p>— Yes! We`ll play with it!</p>
--	---	--

<p>Ұйымдастыру – ізденушілік</p>	<p>— Текшені ойынға қосу үшін біз оған сиқырлы сөздерді айтуымыз қажет. Сиқырлы сөздер: Kubik – Rubik hurry up! Give us funny games! Текшені ортаға сиқырлы сөздерді айта отырып, дөңгелетіп, жоғарғы бетіне қандай тапсырма түссе, сол тапсырмаларды кезек орындайды. I – тапсырма: Дидактикалық ойын: «Бұзық телефон» Мұғалім бастап, шеттегі баланың құлағына қандай да бір өтілген жаңа сөздердің бірін ағылшын тілінде сыбырлап айтады. Балалар бір – біріне кезекпен жеткізеді. Сөзді соңына дейін дұрыс айту керек. Қателескен бала «бұзық телефон» аталып, ойыннан шеттетіледі. II – тапсырма: Интербелсенді тақтада ойын; Түрлі түсті кеспелердің астында отбасы мүшелірінің суреттері жасырынылады. Балалар түстерді атай отырып, астындағы отбасы мүшелерінің ағылшынша атауларын да атауы тиіс. III – тапсырма: Сергіту сәті; Сергіту сәтін балалар ән айта отырып, іс – әрекетті де орындайды. “If you are happy” If you are happy and know it clap your hands, If you are happy and know it clap your hands, If you are happy and really show it, If you are happy and know it clap your hands, If you are happy and know it stamp your feet, If you are happy and know it stamp your feet, If you are happy and really show it, If you are happy and know it stamp your feet, If you are happy and know it say o`key, If you are happy and know it say o`key, If you are happy and really show it, If you are happy and know it say o`key. IV тапсырма: Көркем сөздер топтамасы; Балалар жыл бойына жаттаған тақпақтарын еске түсіріп айып береді. V тапсырма: Дидактикалық ойын: «What is missing?» Балалар тақтадан мамандықтар атауларын еске түсіріп кетеді. Мұғалімнің командасымен балалар көздерін жұмған сәтте, қандай да бір карточкалар тақтадан алынып тасталады. Балалар қандай карточкалардың жоғалғанын табуы тиіс. VI тапсырма: Театрлық көрініс; «Шалқан» ертегісі желісі бойынша; “The turnip” Once upon a time there was a Granpa. Grandpa planted a turnip. The turnip grew bigger and bigger. Grandpa came to pick the turnip. Grandpa: — One, two, three! One, two, three! Grandmother! Come here. Help me! Grandma: — Okey. I`m coming. Together: — One, two, three! One, two, three! Grandma: — Granddaughter! Come here. Help us! Granddaughter: — Okey. I`m coming. Together: — One, two, three! One, two, three! Granddaughter: — Dog, dog! Come here. Help us! Dog: — Gaff! Gaff! Together: — One, two, three! One, two, three! Granddaughter: — Cat, cat! Come here. Help us! Cat: — Miao! Miao! Together: — One, two, three! One, two, three! Granddaughter: — Mouse, mouse! Come here. Help us! Mouse: — Piff! Piff! Together: — One, two, three! One, two, three! They pulled the turnip up. Grandfather: — We are family. When we are together, we are strong!</p>	<p>Сиқырлы сөздерді айту арқылы келесі тапсырмаларға өтеді.</p> <p>Ойынға белсене қатынасады. One, two, three, four, five, six, seven, eight, nine, ten.</p> <p>Red, yellow, blue, green, orange, pink. Mother, father, grandmother, grandfather, brother, sister.</p> <p>Сергіту сәтін орындауда балалар ерекше көңіл – күйге бөленеді.</p> <p>Балалар жыл бойына жаттаған тақпақтарын таласа айтып береді.</p> <p>Ертегіні рөлге ене отырып, сомдап шығады.</p>
---	---	---

Жетекші - жөндеуші	ҰОІӘ – қорытындылау; Балалардан бүгінгі ҰОІӘ – ден алған әсерлерін сұрау; — Did you like today`s lesson? — What did you like? — What about was the tale? — What games did you like in this lesson? — Thanks a lot. Good – bye!	Балалар бүгінгі ҰОІӘ – ден әсерлерімен бөліседі.
---------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: балалар жыл бойына меңгерген тақырыптарының біразын еске түсіріп, өз білімдерін бекіте алды.

Қалыптасқан түсініктер: түрлі ойындар арқылы көңілдері көтеріліп, пәнге деген қызығушылықтары арта түсті.

Орындаушылық қабілеті: өздерін түрлі қырларынан көрсете алғанына қуана түседі.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.